

"Оңтүстік Африка Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 1701 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
«Оңтүстік Африка Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *С. Ахметов*

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Оңтүстік Африка Республикасында
Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы**

Қазақстан Республикасының Оңтүстік Африка Республикасымен дипломатиялық қатынастарын нығайту мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Претория қаласында (Оңтүстік Африка Республикасы) Қазақстан Республикасының Елшілігі ашылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті *Н. Назарбаев*